



Гүлзат СӘРСЕМБЕКҚЫЗЫ,  
«BALQASH ÖÑIRI»

✓БІЛІМ ОШАҚТАРЫНДА

## Кітап – ғасырлар мұрасы

14 АҚПАН – ХАЛЫҚАРАЛЫҚ КІТАП СЫЙЛАУ КҮНІ. БҰЛ АТАУЛЫ МЕЙРАМ 2012 ЖЫЛДАН БЕРІ АТАЛЫП КЕЛЕДІ. КІТАП – РУХАНИ МОЛ МҰРАҒА БАЙ БІЛІМНІҢ БАСТАУЫ. АДАМНЫҢ ОЙ-ӨРІСІН КЕҢЕЙТІП, СӨЗДІК ҚОРЫН КӨБЕЙТЕТІН ЕҢ ҚҰНДЫ СЫЙ. ОСЫ КҮНІ ОҚЫРМАН ҚАУЫМ БІР-БІРІНЕ ҚҰРМЕТ ПЕН СЫЙЛАСТЫҚТЫҢ БЕЛГІСІ РЕТІНДЕ СЫЙЛЫҚКА КІТАП ТАРТУ ЕТЕДІ. ШЫН ЖҮРЕКТЕН КІТАП СЫЙЛАУ КЕРЕК ЕКЕНІН КӨРСЕТКЕН Ә.БӨКЕЙХАНОВ АТЫНДАҒЫ №15 МЕКТЕП-ЛИЦЕЙІНІҢ ОҚУШЫЛАРЫ МЕН АТА-АНАЛАРЫ «КІТАП – ҒАСЫРЛАР МҰРАСЫ» АТТЫ ІС-ШАРАҒА БЕЛСЕНЕ АТСАЛЫСТЫ.



Жас ұрпақтың кітап оқуға деген ынтасын арттыру, кітап сыйлау мәдениетін қалыптастыру, мектептің кітапхана қорын молайту және оқушыларды кітап оқуға шақыру мақсатында ұйымдастырылған акцияға мектеп-лицей директоры Айгүл Төкейбекова, қалалық А.Гайдар атындағы орталықтандырылған балалар кітапханасының ұжымы, «Таңшуақ» шағын орталығы қатысып, оқушылардың белсенділігіне риза болды. Сөз алған мектеп директоры кітап-

тың құндылығын түсіндіріп, кітапхана қорына өз атынан екі кітап табыс етті.

– Кітаптың адам өміріндегі, жалпы қоғамдағы маңызы зор. Кітап – адамның рухани деңгейін көтеріп, сөз қорын байытатын құрал. Кітап оқыған ұлттың болашағы зор болатыны анық нәрсе. Өйткені, кітап – рухани азық, адамгершілікке, мәдениеттілікке, әдептілікке тәрбиелейді. Сонымен қатар, біздің барлық тарихымыз, дініміз, тіліміз, салт-дәстүріміз осы кітапта жатыр, – дейді

мектеп директоры А.Төкейбекова.

Акция барысында мектептің кітапхана қорына білім ордасының директоры А.Төкейбекова Күләш Шамшидинованың «Үздік» және «Лучший» кітаптарын, қалалық А.Гайдар атындағы орталықтандырылған балалар кітапханасы, «Таңшуақ» шағын орталығы, 1 «Б» және 3 «А» сыныбының ата-аналары, бастауыш және жоғары сынып оқушылары, «Жас өркен» медиа сыныбының тілшілері, мектеп-лицей парламентінің мүшелері оқыған кітаптарын табыстады. Табысталған кітаптарды мектептің кітапханашысы Гүлнәр Башарова қабылдап, кітапхана қорына сақталатынын айтып өтті. Сыйға тартылған әрбір кітап осы мектептің рухани қазынасын молайтатынына, шәкірттердің білімге деген құштарлығын арттыратынына сенім мол.

Бүгінде бұл күн халықаралық деңгейге дейін жетіп отыр. Яғни, кітаптың мәні зор, мәртебесі жоғары екендігін көруге болады. Жаңа технология заманында кітаптың құндылығы ешқашан жоғалмайтынын осыдан-ақ, байқауға болады.



Меншік иесі:  
«Балқаш өңірі» газетінің  
редакциясы» жауапкершілігі  
шектелуі серіктестігі

Редактор үшін:  
Нұрдос МАРАТУЛЫ

ГАЗЕТ СӘРСЕНБІ, ЖҰМА  
КҮНДЕРІ ШЫҒАДЫ.

сәрсенбі күнгі таралымы 1510 дана

Біздің реквизиттер:  
«Қазақстан Халық Банкі» АҚ  
ИИК KZ07601709100012761  
БИК YSBKZKX  
БИН 070440007023

НАҰК | Homebank



ТЕЛЕФОНДАР:  
Редактор: 4-33-49  
Тілшілер: 4-25-64  
Бухгалтерия: 6-04-89  
Газеттің тарату бөлімі:  
4-15-99

электрондық пошта:  
balkhashoniry@mail.ru

Газет Қазақстан Республикасы Ақпарат және коммуникациялар министрлігі Ақпарат комитетінде қайта тіркеуден өтіп, 2019 жылғы 15 ақпанда №17526-Г куәлігі берілген. Жарияланған мақала авторының пікірі редакцияның көзқарасын білдірмейді. Жарнамалар мен хабарландырулардың мазмұнына жарнама беруші жауап береді.

Газет редакцияның компьютерлік орталығында теріліп, беттеледі. «Типография Арко» ЖШС баспаханасында басылады. Қарағанды қаласы, Сәтбаев көшесі, №15 ұй.

Редакцияның мекенжайы:  
100300, Балқаш қ.,  
Ағыбай батыр к-сі, №9 ұй.

### Ашық жиналыс насанында қоғамдық тыңдаулар туралы хабарландыру

1)Жобаның атауы: «Eastern Hemisphere Resource Recycling» ЖШС үшін Балқаш қаласы, Балқаш-4 стансасы, 4» жер учаскесі мекенжайында жылына 50 000 тонна қорғасын күлін және басқа да қатты қалдықтарды өңдейтін цех құрылысының егжей-тегжейлі жобасы бойынша қоршаған ортаға ықтимал әсерлері туралы есеп.

2)Әсер ету аумағы: Балқаш қаласы, Балқаш-4 стансасы, 4 жер учаскесі. Әсер ету аумағы кәсіпорынның аумағымен шектеледі. Әсер ету аумағы координаталары учаске аумағының координаталарымен сәйкес келеді: 46°50'52»N 74°55'51»E, 46°50'47»N 74°55'50»E, 46°50'48»N 74°55'42»E, 46°50'54»N 74°55'41»E.

3)Қоғамдық тыңдаулар 2026 жылы 07 сәуірде 15-00 сағатта Металлургтер мәдениет сарайы Балқаш қ., Абай к., 32, 2 кабатта, конференц-залы. Өкілі: Туйғын Еркін, аудармашы.Байланыс т.: 8-707-8599965.

Онлайн қосылуға сілтеме: <https://us06web.zoom.us/j/234938-7375?pwd=CjQl7z9DzLiBOeaM9onUHFFbXGQsSO.1>, Конференция идентификаторы: 234 938 7375, Кіру коды: 1ed70s

4)Белгіленген қызметтің бастамашысы: «Eastern Hemisphere Resource Recycling» ЖШС, БСН 240240007607, Алматы қ., Гоголя көш., 86, кен.222.

5)Болауы мүмкін әсерлер туралы есептерді жасаушылардың немесе стратегиялық экологиялық бағалау жөніндегі есептерді дайындау бойынша сырттан тартылған сарапшылардың немесе мемлекеттік экологиялық сараптама объектілерінің құжаттамасын, тиімділікті арттыру бағдарламаларын, қоршаған ортаны қорғау жөніндегі іс-шаралар жоспарларын әзірлеушілердің деректемелері және байланыс деректері: ЖК «EcoAudit», Қарағанды қ, Ардак к-сі, 35а, пәт.2, тел. 8-701-787-26-98

6)Жоба материалдары мына сайтта орналастырылған: [ndbecology.gov.kz](http://ndbecology.gov.kz) және <https://www.gov.kz/memleket/entities/karaganda-tabigat/press?lang=ru>

7)Жоба материалдары бойынша қосымша ақпаратты мына мекенжай бойынша алуға болады: Қарағанды қ, Ардак к-сі, 35а, пәт.2, тел. 8-701-787-26-98

8)Ескертулер мен ұсыныстар мына сілтеме бойынша қабылданады <https://ndbecology.gov.kz> және мына мекен-жайы бойынша: 100000 Қарағанды қ, И. Лобода к, 20, Қарағанды облысының Табиғи ресурстар және табиғат пайдалануды реттеу басқармасы, эл. мекен жайы: [expertiza.upr\\_krg@mail.ru](mailto:expertiza.upr_krg@mail.ru); т.+7(7212)568-166

### Объявление о проведении общественных слушаний в форме открытого собрания

1) Наименование проекта: Отчет о возможных воздействиях на окружающую среду к Рабочему проекту Строительство цеха по переработке 50 000 тонн свинцовой золы в год и других твердых отходов по адресу г. Балқаш, станция Балқаш-4, зем. участок 4» ТОО «Eastern Hemisphere Resource Recycling».

2) Территория воздействия: г. Балқаш, Станция Балқаш-4, уч.4. Территория воздействия ограничена территорией предприятия. Координаты территории воздействия совпадают с координатами территории участка: 46°50'52»N 74°55'51»E, 46°50'47»N 74°55'50»E, 46°50'48»N 74°55'42»E, 46°50'54»N 74°55'41»E.

3) Общие сведения слушания состоятся: 7 апреля 2026 г. в 15.00 часов, Дворец культуры металлургов г. Балқаш, ул.Абая, 32,2 этаж, конференц-зал. Представитель: Туйғын Еркін, переводчик. Контакт-ты: 8-707-8599965.

Ссылка на онлайн подключение: <https://us06web.zoom.us/j/2349387375?pwd=CjQl7z9DzLiBOeaM9onUHFFbXGQsSO.1>, Идентификатор конференции: 234 938 7375, Код доступа: 1ed70s

4) Инициатор намечаемой деятельности: ТОО «Eastern Hemisphere Resource Recycling», БИН 240240007607, г. Алматы, ул. Гоголя, д. 86, оф. 222.

5) реквизиты и контактные данные составителей отчетов о возможных воздействиях, или внешних привлеченных экспертов по подготовке отчетов по стратегической экологической оценке, или разработчиков документации объектов государственной экологической экспертизы, программ повышения эффективности, планов мероприятий по охране окружающей среды: ИП «EcoAudit» г. Караганда, ул.Ардак,35а, кв.2, телефон: 8-701-787-26-98

6) Материалы проекта размещены на сайте: [ndbecology.gov.kz](http://ndbecology.gov.kz) и <https://www.gov.kz/memleket/entities/karaganda-tabigat/press?lang=ru>

7) Дополнительную информацию по материалам проекта можно получить по адресу: Караганда, ул.Ардак,35а, кв.2, телефон: 8-701-787-26-98.

8) Замечания и предложения принимаются: по ссылке <https://ndbecology.gov.kz> и по адресам: 100000 г. Караганда, ул. И.Лободы, 20. Управление природных ресурсов и регулирования природопользования Карагандинской области, эл. адрес: [expertiza.upr\\_krg@mail.ru](mailto:expertiza.upr_krg@mail.ru); т.+7(7212)568-166